

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 27 қазандағы N 548 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 9 қарашада N 5-13-97 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 01 сәуірдегі N 1319 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 01.04.2013 N 1319 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес Катонқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ**

**Е Т Е Д І :**

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Рақышеваға жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Бекбосынов*